

## Қазақстан-Жапония: 20 жыл бейбіт, тұрақты және жемісті ынтымақтастығы

Б.М. Балаубаева, А. Кульмагамбетова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қаласы

E-mail: [binur77@mail.ru](mailto:binur77@mail.ru)

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап Жапония мен Қазақстан арасында жақсы қарым-қатынастар қалыптасты. Екі мемлекеттің дипломатиялық қатынастарының орнауына 20 жыл толуына байланысты мақала осы кезеңдегі ынтымақтастықтың басты жетістіктеріне арналған: экономикалық өсу, энергетика, инвестициялар, технологиялар, қауіпсіздік т.б.

Тәуелсіздіктің алғашқы таңынан Қазақстан Республикасының әлемдік аренада әрекет ету бағыттары «Сыртқы саясат» тұжырымдамасында анықталды. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1992 ж. басылып шығарылған «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» құжатында алғашқы концепция «сыртқы саясаттың басты мақсаты қолайлы сыртқы жағдайды қалыптастыру және саяси-экономикалық реформаларға негізделген мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету»[1] деп көрсетілген. Қазақстанның көпвекторлы саясаты әлемнің барлық дерлік мемлекеттерімен қатынастар орнатуға негіз болды. Қазіргі таңда біз әлемнің барлық негізгі күштерімен серіктестік қатынастамыз (Жапония, Ресей, Қытай, ЕО, АҚШ, Бразилия, Үндістан).

Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынас ерекшелігін атап өту қажет. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен Жапония Қазақстанға үлкен қолдау көрсетті. Жапония – Қазақстан егемендігін таныған алғашқы мемлекеттердің бірі. 2012 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан мен Жапония дипломатиялық қатынастарының 20 жылдық мерейтойы болды. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 26 қаңтарда орнатылған болатын [2]. Осы тарихи оқиғаға орай ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты Жапония премьер-министрі Нода Есихикодан құттықтап, екі ел арасындағы қарым-қатынасқа жақсы баға

берді. Осыған дәлел ретінде премьер-министр: «Бұған былтырғы наурыз айында Жапонияның шығысында болған сұрапыл зілзала кезінде бізге көңіл айтқан жылы сөздеріңіз бен қолдауыңыз, сондай-ақ Сіздің атыңыздан және көптеген басқа да қазақстандықтар тарапынан көрсетілген көмек айғақ болып табылады», – деп қосты және тағы да алғысын білдірді. Жапония үкіметінің басшысы өзінің құттықтау хатында экономикалық өсімнің ұшқыр қарқынына жетіп отырған Қазақстанмен ынтымақтастықтың маңызы барған сайын арта түсіп отырғанын атап көрсетеді.

Жапония – премьер-министрі, сонымен қатар дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 20 жыл толу күні өз елінің Қазақстанмен және Қазақстан халқымен байланысын одан әрі тереңдетіп, дамытуға серпін береді деп үміттенетінін білдіреді. Және құттықтау хатының соңында Қазақстан басшысымен «Орталық Азия+Жапония» үнқатысуы аясындағы ынтымақтастықты қоса алғанда, түрлі салаларда одан әрі қарай да белсенді өзара іс-қимыл таныту мүмкіндігін тағатсыздана күтетінін жеткізді[3].

Осы жылдары Жапония әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде берік серіктес болып келеді. Жапония көмекке мұқтаж елдерге шын жүректен қолдау көрсетуге ұмтылыс жасайтын бейбіт және тату ел образын қалыптастырып отыр. Қазіргі кезде дамушы елдердің «Дамуына Ресми Көмек» (ODA – Official Development

Assistance) көрсету – жапондық үкіметтің арнайы бағдарламасы аясында Орталық Азия мемлекеттеріне экономикалық, техникалық және өтеусіз көмек көрсететін алдыңғы қатарлы донор елдерінің бірі болып табылады. «Дамуға Ресми Көмек» бағдарламасының Жапонияның сыртқы саясатындағы рөлі өте жоғары. «Дамушы мемлекеттерге ресми көмек» арқылы Жапония Қазақстандағы көптеген инфрақұрылым жобаларына жеңілдік несиелер қамтамасыз еткенін көрсетті [4]. 2010 ж. Қазақстан үкіметі мен Жапонияның Халықаралық Ынтымақтастық Агенттігі (JICA – Japan International Cooperation Agency) арасында орта азиялық экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының (CAREC) Тасымалдау коридорларын қайта құру жобасына арналған 75 миллион АҚШ долларына зайым келісімі жасалды.

Жоғары деңгейдегі сапарлар екі мемлекет арасындағы диалог дамуында маңызды рөл атқарады. ҚР үкіметі 2008 ж. Маусымда ҚР Президенті Жапонияға ресми сапарында қол жеткізілген өзара қолайлы ынтымақтастық туралы келісім мен біріккен мәлімдемелермен сәйкес серіктестіктің тереңдеуіне мүдделілік көрсетеді.

Энергетика, әсіресе мемлекеттер компаниялары ынтымақтастық ететін ядролық энергетика саласы, экономикалық қатынастарды алға тартамын қозғаушы күш болып табылады. Жай энергия көздерінің тапшылығын ескеретін болсақ, осындай қатынас болашақта үлкен үміт күттіреді. Қазіргі таңда Қазақстан өндірістік кешенін үлкен көлемді модернизациядан өткізуде. Қазақстанға Жапониямен осы салада ынтымақтастық аса қажет. Қазақстан инвесторлар үшін нарықтық экономика, салық салудың қолайлы жүйесі, инвестицияларды қорғайтын заңнама, инвестициялық климат және жақсы дамыған қаржы жүйесі сияқты барлық жағдай жасады.

Өндірістік және технологиялық потенциалымен қатар, Жапония инвестициялық мүмкіндіктерінің жоғары деңгейін тани отырып, Қазақстан шикізат саласынан бөлек салаларда екіжақты ынтымақтастықтың елеулі тереңдеуін қалайды. Жапония – Үлкен сегіздік пен Үлкен жиырмалықтың, басқа да халықаралық қаржылық топтардың беделді мүшесі. Жапонияның алдыңғы қатарлы технологиялары мен Қазақстанның бай табиғи ресурстары сапалық жаңа деңгейдегі өзара тиімді серіктестік құруға және «инвестиция мен технологияны табиғи ресурстарға айырбастау»

қағидасы үшін қосымша орта тудырады. 2008 жылы маусымда ҚР Президентінің Жапонияға сапары инвестиция мен технология салаларындағы қатынасқа жаңа серпіліс берді. Екі мемлекет арасындағы экономикалық қатынастардың бағыттары мен перспективаларын анықтады. Сондай-ақ екі мемлекет халықаралық құқық пен келісімдерге негізделген инвестиция мен технологиялар салаларында ынтымақтастық үшін тиісті қор құруда жұмыс жасауда. Мәселен, 19 желтоқсан 2008 ж., екі мемлекет дипломатиялық қатынастарының тарихында алғаш рет бірінші үкіметаралық келісімге қол қою рәсімі Токиода өтті. Қазақстан Республикасы мен Жапония арасында қосарланған салық салуды болдырмау және кіріс пен капиталға арналған салықтарға қатысты, салық төлеуден жалтарудың алдын алу жөніндегі Конвенцияның да алар орны зор [5]. Қазір экономикалық қатынастар саласында Инвестицияларды ырықтандыру, ынталандыру және қорғау келісім жобасы қорытындылау деңгейінде жасалуда. Жалғасып жатқан экономикалық және сауда қатынастарының тағы бір басты элементі – Қазақстан-Жапон экономикалық ынтымақтастығы туралы жеке және мемлекеттік секторлардың біріккен комиссиясы. Оның үшінші сессиясы 2011 жылы 6 қазанда өткізілді. Аталған комиссияның негізгі мақсаты экономикалық және сауда қатынастарын дамыту үшін жеке және қоғамдық секторлардың біріккен талпыныстарын барынша қолдау. Екі мемлекеттің үкіметтік мекемелерінің қолдауларына қосылып, Қазақстанның даму институттары және жапондық корпорациялары, қаржылық ұйымдары және шешім шығарудың және оны жүзеге асырудың жалғыз біріккен жүйесін құруға кепілдік береді.

«Орталық Азия+Жапония» үнқатысуы Қазақстанды қоса алғанда, Жапония мен Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықтың негізі ретінде 2004 жылы құрылған болатын. Сол жылдың тамызында Астанада сыртқы істер министрлерінің бірінші кездесуі өтті. Жапония Орталық Азияның тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуі үшін өңір елдері ортақ мүдделерге қатысты мәселелерді бірлесіп қарауы тиіс деп есептейді. Өңір елдері ішкіөңірлік ынтымақтастықты ортақ нарықты құруға бағыттауы қажет. «Орталық Азия+Жапония» үнқатысуының негізгі мақсаттарының бірі – Орталық Азия мемлекеттерінің Жапония-

мен өңіраралық ынтымақтастықты күшейту жөніндегі күш-жігеріне көмектесу. Бастама шеңберінде Жапония катализатор рөлін атқарады. «Орта Азия+Жапония» үнқатысуында ынтымақтастықтың 5 бағыты белгіленген [6]:

- саяси диалог;
- ішкі өңірлік ынтымақтастықты дамыту;
- бизнесті ынталандыру;
- зияткерлік диалог;
- мәдени байланыс және адамдардың алмасуы.

Аталған бастама негізінде сыртқы істер министрлерінің төртінші кездесуі 2012 ж. Күзге Токиоға жоспарланып отыр. Осы диалог шеңберінде көзделген кездесуде бес нақты мәселе тобы аймақтың бес мемлекетімен талқылануға жоспарланған: қоршаған орта, энергияны үнемдеу, энергияның қайта жаңартатын көздері; мыңжылдық даму мақсаттары, экономикалық өзгешеліктерді азайту қадамдары; Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға байланысты бағыттар; табиғи апаттарды алдын ала болжау бағытындағы ынтымақтастық; сауда және инвестиция.

2009-2010 жж. Қазақстанның құрметті консулдықтары Осако, Саппоро, Нагое және Фукуокеде ашылды. Бұл оқиға дипломатиялық қатынастардың күрделілігін көрсетеді және болашақта сауда, экономикалық, мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықтың нығаюына үлкен үлес қосады[7].

Бүгінгі таңда Қазақстанның инвестициялар мен технологиялар бағытында ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етудегі ретті және жүйелі әрекеттері жемісін беруде. Қазақстанның Ұлттық Банкінің мәліметтеріне сәйкес, 2010 ж. Жапонияның қазақстандық экономикаға инвестиция көлемі 804,7 миллион долларға жетті. Республика егемендігінің толық кезеңінде Жапониядан тікелей инвестиция көлемі 2010 ж. 31 желтоқсандағы мәліметтері бойынша 2,794 миллиард доллар құрады.

Сонымен қатар Қазақстан мен Жапония көлік секторында ынтымақтастығы үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Қазақстанның географиялық бірден-бір орналасуы: Еуразияның орталығында, Еуропадан Оңтүстік және Шығыс Азияға дейін. Қазақстанның транзиті мен көлік потенциалын қолдана отырып, Жапония Еуропаға болашақта экспорт жасай алады. Сондай-ақ Қазақстан, Ресей және Белоруссия арасында Кедендік Одақтың құрылуы Қазақстандағы жапондық инвесторлар

үшін үлкен мүмкіндіктер ашатын пайдалы бизнес климатын қалыптастырады еді. Себебі қазір 170 миллион адамға бағаланып отырған үш мемлекеттің нарығында жапондық дайын өнім қолайлы сатылар еді.

Парламентаралық қатынастардың кеңейгендігіне де тоқталу қажет. Жапонияда, міне 10 жылдай, Қазақстанмен Достық Парламенттік Лигасы бар. Лига төрағасы – Жапонияның бұрынғы Премьер-министрі Юкио Хатояма. 2004 ж. ҚР Парламенті Сенатының кейбір мүшелері Қазақстанның Жапониямен қатынастарын қолдау мақсатында бір топ құрды. Осылайша, ұқсас топ ҚР Парламентінің төмегі палатасы – Мәжілісте де құрылған еді. Екі мемлекет халықаралық ұйымдар құрылымдары шеңберінде де толық стратегиялық ынтымақтастықты жүзеге асыруға мықты негіз құрды[8].

Қазақстан мен Жапония – адамзат тарихында ядролық қарудан ең көп зардап шеккен мемлекеттер. 2011 ж. 29 тамызда Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 20 жыл толды. 2009 ж. 9 желтоқсанда 29 тамыз күні Ядролық сынақтарға қарсы күн деп жариялаған резолюция қабылданып, осы резолюцияның авторларының бірі болды. Жапония мен Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік туралы түсініктері бір көзқарастан шығады. Жапония Қазақстанның ядролық қаруды таратпау саласындағы қадамдары мен бастамаларын толық қолдайды және құрметтейді. 1994 ж. Қазақстандағы жоюға бағытталған ядролық қару саласында ынтымақтастық жөнінде жапон-қазақстандық комитет құрылды. Жапонияның аталған комитетке жасаған төлем көлемі 1 миллиард. 770 миллион жапондық йена құрады (3,4 миллиард теңге көлемінде). Сонымен қатар атомдық энергия объектілерінде жарылғыш материалдар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және Семей полигонының сынақтарынан зардап шеккендерге медициналық құрылғылар берумен көмек көрсетті. Қазіргі уақытта Ядролық физика институтына және Ульба металлургия зауытына ядролық материалдарды физикалық қорғау үшін құрылғылармен қамтамасыз ету жобасы келісілуде[9].

Өз алдына, Қазақстан Жапонияның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болуы ұсынысына қолдау көрсетеді. Ядролық қарудан зардап шеккен осы мемлекеттер ядролық қарусыздану және қауіпсіздікті нығайту жөнінде бағдарламалар мен жобалар ұсынуға толық

құқылы. БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-шы Сессиясында президент Н.Ә. Назарбаевтың ядросыз әлем әмбебап декларациясын ұсынды. Осындай халықаралық актіні қабылдау, Елбасы айтқандай, 21-ші жүзжылдықты БҰҰ-ның қатаң бақылауындағы әлемдік ядролық қауіпсіздіктің біріккен жүйесін құруды білдіреді.

Күн-шығыс елі Қазақстанның табиғи ресурстарының ішінде уранға ерекше көңіл бөледі. Жапония әлемде уранды бейбіт мақсатта атом электр станцияларына пайдаланатын мемлекеттер тізімінің бірінші қатарында. Өткен жылдың мамыр айында екі мемлекет арасында Атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану туралы ынтымақтастық келісімі күшіне енді. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы мен жапондық «Sumitomo Corporation» компаниясы жерасты сирек кездесетін металдар саласында «Summit Atom Rare Earth Company» (SARECO) бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі құжатқа 2010 ж. қол қойды.

Қазақстанға сирек металдар кен орындарын игеріп, олардың негізінде өндіріс ашу – индустриялық-инновациялық дамудың жаңа бағыты ретінде жоғары технологиялық кәсіпорындарды құруға мүмкіндік бермек. Сирек металдар әлемдік нарықта жылдан-жылға өте тапшы дүниеге айналып барады. Ал Жапония дүниежүзінде осы сирек металдардан дайындалатын өнімнің 50 пайыздан астамын қамтамасыз етіп отыр. Сондықтан Күншығыс елі осы бір ерекше элементтерді жеткізіп берушілерге аса мүдделі. Соңғы жылдары уран өндірісі мен сирек металдар саласындағы жапон-қазақ іскерлік байланысы тереңдей түсті деуге болады. Екі ел арасындағы келісімдер таяу жылдары қазақстандық уран өнімдерін жапон нарығында қазіргі 3-4 пайыздан 40 пайызға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ал оның 30 пайызына дейінгі мөлшері қазақстандық Үлбі металлургиялық зауытында белгілі бір техникалық сипаттамаларға дейін өңделмек. Қазақ елі 2011 жылдың қорытындысы бойынша, әлемде уран қоры жағынан екінші орынды, ал оны өндіруден бірінші орынға шыққан болатын. 2012 жылдың шілде айынан бастап іске кірісуге тиіс SARECO бірлескен кәсіпорынның 51 пайыз үлесі «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясына тиесілі де, қалған 49 пайызын Sumitomo Corporation иеленеді. Бас кеңсесі Өскеменде болмақ.

Қазақстанның бас қаласы – Астана қаласының жобасы Жапонияның белгілі архитекторы Кисе Курокавамен жасалғандығы белгілі. Архитектор Астана бейнесіне жаңа әлем көрінісі мен табиғатпен байланысты біріктірген. Ол қаланы табиғатпен бірге дамытын тірі организм ретінде көрген. Қазіргі кезде Астана – қоршаған ортаға зиянсыз, әдемі, жаңа капитал, ол – Шығыс және Батыс мәдениеттерінің синтезі, дәстүр мен даму символы.

Көрініп отырғандай, екі мемлекет арасында тек өзара тиімді саяси, экономикалық және инновациялық қатынастар ғана емес, сондай-ақ жаһандық аренада бейбіт бастамаларды дамыту мүдделері бар. Болашақта Қазақстан мен Жапония арасында қатынастар барлық салаларда дамиды, себебі стратегиялық ынтымақтастыққа ешқандай кедергі жоқ.

#### Әдебиет

1. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана суверенного государства. Алма-Ата, 1992
2. Қазақстан Республикасы мен Жапония арасындағы қатынастар. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/cooperation/asia\\_africa/03](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/cooperation/asia_africa/03)
3. Жапония премьерінің құттықтауы // Егемен Қазақстан. – 2012.- 27 қаңтар
4. Japan's ODA: Rolling Plan for Republic of Kazakhstan. [http://www.mofa.go.jp/policy/oda/rolling\\_plans/pdfs/uropean.pdf](http://www.mofa.go.jp/policy/oda/rolling_plans/pdfs/uropean.pdf)
5. Конвенции об избежание двойного налогообложения, заключенные между Республикой Казахстан и другими государствами. Налоговый Комитет Министерства Финансов Республики Казахстан
6. Казахстанско-японское сотрудничество: состояние и перспективы: Материалы международного «круглого стола» (5 декабря 2006 г.). – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007. – С. 48-52
7. Kazakhstan – 19 Years of Independence. Akylbek KAMALDINOV // “Japan Times”, 16.12.2010
8. Parliamentary major chord. Laura Tusupbekova, // Казахстанская правда, -2010. – 26 қазан. <http://www.kazpravda.kz/c/1290769102>

9. Астана – Токио: в духе искренней дружбы. Казахстанская правда, -2011. – 23 қараша. <http://www.kazpravda.kz/print/1322007907>
10. Kazakhstan and Japan establish Summit Atom Rare Earth Company (SARECO) JV. Government of the Republic of Kazakhstan. News of March 2010 <http://en.government.kz/site/news/032010/04>

**Балаубаева Б.М., Кульмагамбетова А.**

**Казахстан-Япония: 20 лет мирного, стабильного и плодотворного сотрудничества**

С тех пор, как Республика Казахстан получила независимость, хорошие отношения сформировались между Японией и Казахстаном. В связи с 20-летием установления дипломатических отношений между двумя государствами статья посвящена основным достижениям сотрудничества в этот период: экономический рост, энергетика, инвестиции, технологии, безопасность и т.д.

**Balaubayeva B.M., Kulmaganbetova A.**

**Japan and Kazakhstan: 20 years of peaceful, stable and fertile relations**

Since Republic Kazakhstan gained independence the best relations formed between Japan and Kazakhstan. On the occasion of the 20<sup>th</sup> anniversary of the establishment of diplomatic relations between two countries this article devoted to main achievements of cooperation in this period: economic growth, energy, investments, technologies, security, etc.